

8D02303- ФИЛОЛОГИЯ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ
ҮМІТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ ЖӘНЕ ЕМТИХАН
СҰРАҚТАРЫ

ТЕМЫ ЭССЕ И ЭКЗАМЕНАЦИОННЫЕ ВОПРОСЫ ДЛЯ ПРЕТЕНДЕНТОВ
НА ПОСТУПЛЕНИЕ В PhD ДОКТОРАНТУРУ
ПО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ
8D02303- ФИЛОЛОГИЯ

Эссе тақырыптары:

1. Қазіргі ғылыми кеңістіктегі қазақ тілі: жетістіктер мен өзгерістер
2. Тіл мәдениетінің бүгінгі мен болашағы
3. Абай Құнанбаевтың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі жігіттік қасиеттермен қазіргі қазақ жастарының мінез-құлқын салыстырып талдаңыз
4. Көркем әдебиеттегі ұлттық салт дәстүрлердің тағылымы
5. Алаш ардақтылары көтерген ұлттық идеялардың бүгінгі күнде жүзеге асқандығын дәлелдеңіз
6. Абай Құнанбаевтың он тоғызыншы қарасөзіндегі «Естілік пен білімділікке қандай адам жетіп, қалай жүзеге асыра алатынын өмірлік деректер арқылы дәлелдеп жазыңыз
7. Ыбырай Алтынсариннің «Дала қоңырауы» екендігін дәлелдеп жазыңыз
8. Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын!» поэмасында ұлттық құндылықтардың қаншалықты көрініс тапқанын дәлелдеп жазыңыз
9. М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңі мен А. Байтұрсыновтың «Маса» өлеңіндегі идея үндестігі
10. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңінде жастарды неге Абай арқылы түзеткісі келеді?
11. Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасында Аристотель сөзі арқылы берліген негізгі ой
12. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан
13. Көркем тілді адамтану парадигмасы тұрғысынан зерттеу
14. Бүгінгі қазақ тілі және қоғам
15. «Ғасырлар бойы арман еткен егемендік – қазақтың басына қонған бағы»
16. Жаңа Қазақстандағы жаңа ғылымға бастау
17. Қазақстандағы жастардың тіл жұтандығы, тілге деген көзқарастары
18. Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген философиялық ойын қазіргі заманмен салыстыра отырып, өз көзқарасыңызды білдіріңіз
19. «Ұлттық құндылықтар – қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері»
20. Әлихан Бөкейханов: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын».

Докторантураға түсуге арналған емтиханға дайындық сұрақтары:

1. Тілдік құзыреттілік негіздері
2. Тіл және сөйлеу функциялары
3. Тіл білімінде концепт мәселесінің зерттелуі
4. Этнолингвистиканың негізгі бағыттары
5. І.Кеңесбаевтың идиомдар мен фразалық тіркестерге арналған ғылыми мақаласының маңызы
6. Мәдени лексиканың сөзжасамдық модельдері
7. Тіл біліміндегі парадигма ұғымы
8. Тілдік және поэтикалық перифраздар
9. Мәтін және дискурс

10. Этнолингвистика, халық таксономиясы, дүниенің тілдік суреті туралы жазу
11. Қазақ әдеби сынының пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдері
12. Б.Кенжебаевтың ғылыми мектебі
13. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы
14. 50-60 жылдардағы әдеби сын
15. Қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттар мен ағымдар
16. Қазіргі сындағы тоқыраушылықтың сыры мен сипаты
17. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу және Б.Кенжебаев ұстанымдары
18. Ұлттық әдебиет және әлем әдебиеті
19. Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанры
20. Эпос жанрының түрлері
21. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух
22. ХХІ ғасыр әдебиеті: дәстүр мен жаңашылдық мәселесі
23. Қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі мифопоэтикалық бейнелер
24. Әдебиет тектері мен жанрлары, пайда болу тарихы
25. Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың жанрлық түрлері
26. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық- мәдени деректері
27. Прагматика және оның тілдік қызметтегі рөлі
28. Когнитивті лингвистиканың қазақ тіл біліміндегі көрінісі
29. Тіл дамуына әсер ететін субъективтік факторлар, түрлері, мәні
30. Лингвистикалық зерттеу әдістері
31. Тілдердің типологиялық классификациясы
32. Тіл біліміндегі негізгі фонетикалық процестер
33. Аффикстік морфема және олардың түрлері
34. Дүниежүзі тілдері және тілдердің классификациясы
35. Филологиялық пәндерді жоғары мектепте оқытуда коммуникативтік технологияларды пайдалану
36. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар
37. Н.А.Баскаков классификациясы
38. Тілдің сөзжасам жүйесі, құрылымы, тәсіл мәселелері
39. Метафораны зерттеудегі когнетивтік бағыт
40. Үстеудің сөзжасамдық жүйесінің ерекшеліктері
41. Лексикадағы өзгерту механизмдерін айқындайтын басты-басты заңдылықтар
42. Ұғым және сөз мағынасы. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы
43. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы
44. ХХ-ХХІ ғғ. тоғысындағы Қазақстандағы әдеби процесс
45. Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері
46. Қазақ өлеңі құрылымындағы ұлттық өрнектер
47. Әдебиет дамудағы әдіс қалыптасуы (классицизм, сентементализм, романтизм, реализм)
48. Әдебиет теориясындағы әдеби шығарма, орта және автор мәселелері
49. Қазіргі қазақ прозасы: хикая (повесть) жанры
50. Қаламгер және қоғамдық шындық
51. Қазіргі поэзиядағы ұлттық идея және әдеби сын
52. Абайдың ақын шәкірттері
53. Жаңа үлгідегі романдар құрылысы
54. ХХІ ғасырдағы түрлік ізденістер: роман-толғау, роман-тәмсіл, роман- және детектив, психологиялық роман, роман- философия роман-миф, роман-эссе, роман-интенция т.б.
55. Шығармадағы автор, кейіпкер және оқырман мәселесі

56. Кеңес дәуіріндегі әдеби сынның қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлі
57. Ә.Кекілбаев және әлем әдебиетіндегі психологизм мәселесі
58. Натурализм және XX ғасырдың көркемдік құндылығы
59. Т. Кәкішұлы және ұлттық әдеби сын тарихы
60. Тіл және таным теориясы
61. Қазақ тілінің мәдениеті. Грамматикалық тәсілдерді пайдалану өрнегі
62. Тіл және жаңа лингвистикалық парадигма
63. Мәтіннің интерпретациялануы
64. Компьютерлік лингвистика және оның қолданылуы
65. Фразеологизмдердің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары
66. Тіл философиясы – тілдің философиялық қызметі
67. Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы
68. Тілдік және поэтикалық перифраздар
69. Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем теориясының дамуы
70. Қ. Жұбанов және қазақ тілінің фонетикасы
71. Психолінгвистиканың қазіргі тіл біліміндегі орны мен маңызы
72. Психолінгвистика ғылымының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері
73. Морфологиялық категорияларды және олардың маңыздылығын қарастыру
74. Жаңа лингвистикалық парадигманың негізгі бағыттары
75. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері
76. Тілдердің морфологиялық типтері жайлы ұғым
77. Қазіргі әлемдегі коммуникациялық мәселелер тұжырымдамасына анықтама
78. Гендерлік лингвистиканың даму бағыттары
79. Тілдік тұлға ұғымы, оның когнитивтік позициядан талдануы
80. Функционалдық тіл білімінің негізгі ғылыми мектептері
81. Структурализм бағыты
82. Этнолінгвистика мен этимологияның өзара байланысы
83. Өлеңдегі буын мен ұйқас

№1 Мәтін

Жаңалық пен ғылымды, технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында Қазақстанда «Индустриалды-инновациялық даму» бағыты көзделген. Бүгінде біз үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған алып мемлекетке айналудамыз. Мемлекеттің бәсекеге қабілетін көрсететін басты көрсеткіш – оның экономикасы. Экономиканың бәсекеге қабілетті болудың басты бағыты – индустриалды-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық процесстерге бет бұру.

Дамыған индустриялы елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірістерді ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ІЖӨ өсімінен 80-нен 95%-ына дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен қызметтер санасын жақсартудың негізгі құралы болып отыр. Қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін жаңа технологияларды және ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру республиканың өнеркәсіп пен ғылыми техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен

халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Ғылыми техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісі көлемінде және жұмыспен қамтылу санында шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып отыр, тиісінше 2,8-3,2% және 12,4-14,0%-ды құрап, бұл индустриясы дамыған елдердегіден бірнеше есе аз.

Елбасымыз «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы жолдауында еліміз мүмкіндігінше тез осы жүйеге көшу керектігін және «Қазақстан – 2050: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиясында сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау керектігін де айтқан болатын. Жалпы, индустриалды-инновациялық саясат бойынша өңдеуші өнеркәсіптер және қызмет көрсету салаларында бәсекеге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісін дамыту мәселесі ең бірінші орынға қойылады. (280 сөз). <http://stat.gov.kz/faces/>

Тапсырма:

1. Мәтіннің жазылу стилі.
2. Мәтіннен отандық өндіріске қатысты (5-7) терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңыз.
3. Іріктеп алған сөздерді түрлендіріп, сөйлем құрастырып жазыңыз.

№2 Мәтін

Мәтінді мұқият оқыңыз.

Кез келген мемлекеттің өркендеуі сол елдің мәдениеті мен өнеріне байланысты. Аталмыш ұғымдарға айрықша көңіл бөлініп, назар аударылмаса, сол мемлекеттің болашағы бұлыңғыр екені анық. Ал мәдениет пен өнердің өресін өрлеткен еркениетті елдер әрқашан алдыңғы қатардан көрінбек. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ елінің мәдениеті мен өнері айтарлықтай өрістеді. Президентіміз бұл салаға ерекше назар аударып, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді сақтауды, ел мәдениетін дамытуды күн тәртібінен түсірген емес. Аталған саланы өркендету мақсатында «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырды. Сол бойынша қазіргі таңда рухани құндылықтарымыз жаңғырды, ән-күй, әдебиет, сәулет, сурет, кескін өнерлері әлемдік дәрежеге көтерілді. Халық мәдениеті мен өнерін осындай биік белестерге жеткізген ол осы саланың майталман мамандарының еңбегі екені сөзсіз. Табиғи талант пен ерекше дарын иелері ел мәдениетін өркендетіп, оны сақтап, келешекке аманат етіп қалдыруда бар өнерлерін салып жүргендеріне көпшілік куә. Сол үшін де Елбасымыз жылдың бір күнін мәдениет пен өнер қызметкерлерінің құрметіне кәсіби мереке ретінде белгілеп қойды. Олардың мәртебесін асқақтататын бұл күн елімізде кең көлемде аталып өтіледі. Сыр өңірі қашанда қазақ мәдениеті мен өнерінің қара шаңырағы болып қалыптасқан. (165 сөз).

Тапсырма:

1. Мәтін функционалды стильдің қай түрінде жазылған? Дәлелденіз.
2. Мәтінде ғылыми стильге тән қандай сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер бар?

№3 Мәтін

I. Еліміздің әр қаласында театр бар. Бір Алматының өзінде 10 мемлекеттік және он шақты жекеменшік театр бар екен. Ал осы мәдениет ошақтарына оқушыларымыз барып жүр ме? Қазір театрға көрерменді көбіне әкімшілік жолмен жинайтыны жасырын емес. Ал егер балаларға арналған қойылымдарға көрерменді арнайы жинап әкелмесе ше? Қанша адам келер екен?

Театрдағы көрермен мәселесі төңірегінде Астана қалалық «Жастар» театрының әдеби қызметкері Назерке Жұмабайды әңгімеге тартқан едік.

– Қазір театрға балалар өз еріктерімен келеді дей алмаймын. Әрдайым ұйымдастырумен жинаймыз. Әсіресе, қуыршақ театрларына қазақ балаларының қызыққанын көрмеппін.

II. Баланың таным-түйсігін кеңейтуде қуыршақ театрларының алар орны үлкен. Бізде де, өзге елдерде де балабақша жасынан бастап, бүлдіршіндерге қуыршақтармен көрініс қою бағдарламаға енгізіледі. Аты солай аталып тұрған соң, бұл театрларда тек қуыршақтармен жұмыс жасайды деп ойлайтындар бар. Олай емес. Бұл өнер ошақтары балалардың санасына отбасына деген сүйіспеншілікті, еліне, жеріне патриоттық сезімді қалыптастыратын қойылымдарды да сахналайды.

Бірақ осы қуыршақтар әлеміне қазақ балаларының көптеп ағылып жатқанын байқай алмадық. Мысалы, Алматыдағы Мемлекеттік қуыршақ театрының 200 адамдық орны бар. Қойылымдары екі тілде де қойылады. Орысша қойылымдарында залдың кем дегенде жартысы толып отырады. Ең қызығы, алдыңғы қымбат билеттер бірінші сатылып кетеді. Ал қазақша қойылымдарға арыкетсе 30 адам келеді. Оның өзінде де ата-аналар ең арзан билеттерді алуға тырысады. «Арзан билетті алып, алдыңғы бос орындарға отыра саламыз» дегентүсінік қалыптасқан.

III. Бүгінде қазақтар шетелге жиі саяхаттайды. Біріккен Араб Әмірліктерінен Алматыға қарай ұшаққа отырарда қасымдағы жеткіншек қазақ баланы сөзге тарттым. «Ал, арабтардың әмірліктерінен не көріп қайттың?» деп сұрадым. Сол кезде 12-13 жас шамасындағы баланың жауабына көңілім толмай қалған еді. Бар айтқаны – ана шетіндегі жағажай, мына шетіндегі жағажай, биік-биік ғимараттар, дүкендер... Өзім танысқан бірнеше мұражайды атап едім, «бармадық» деп басыншайқады. «Сонда бұл халық туралы не біліп қайттың?» деп сұрадым. Тағы да мардымды жауап бере алмады. Сонда бір елге барып тұрып, мәдениеті мен тарихымен танысуға қызықпағандары қалай? Тіпті, тілін түсінбейтін болсаң да, шетелдің театрына бас сұғып қайтсаң, көп жайды аңғарып қайтуға болады.

Мәселен, Сеулде фольклорлық «Nanta» атты театр бар. Билетінің бағасы біздің театрлардан он есе қымбат тұрады. Алматыдағы балалар спектакльдерінің билет құны – 400-600 теңге, Астананың Жастар театрында балалар билеті – 300 теңге. Ал «Nanta» билеті шамамен 5000 теңге көлемінде. Соның өзінде, екі барғанымда да үлкен залда бос орын болмады. Атауы «ретсіз дыбыстар» деген мағынаны беретін бұл театрға кәрістер үш жасар баласын да ертіп келеді. Ал бізде актер болуды армандайтын кей бала театр көрмей өседі...

IV. Шыны сол, қазақтар бала тәрбиесіне мәдени ошақтарға бару мәселесін қоса бермейді. Күнделікті күйбең тірлікпен жүріп, ұл-қыздарын анда-санда болса да, театрға ертіп баруды ойластырмайды. Қажет көрмейтіндері де бар.

Қарлығаш Досанова («Ұлан», 10.02.2015)

Тапсырма:

1. Екінші азатжолдың үшінші азатжолға қатысы қандай?
2. Мәтіннің негізгі ойы қай сөйлеммен сәйкес келеді?
3. Автордың мақаласына түрткі болған жағдай.
4. Берілген мәтін қай стилде жазылғанын анықтаңыз?

№4 Мәтін

Ғаламдық мәселелер

Ғаламдық мәселелер - [франц. global - баршаға ортақ] - адамзаттың бұдан былайғы тағдыры және әлеуметтік дамуы шешілетін аса маңызды мәселелер жиынтығы. Қазіргі өркениетке тән құбылыс-ғаламдық қауіп-қатердің өршуі. Олар әртүрлі және күннен-күнге үдей түсуде. Ғылыми әдебиеттерде бұл мәселелер үш топқа жіктеледі:

Ғаламдық мәселелер. Ғаламдық проблемаларды ерекше білім саласы - глобалистика зерттейді. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен қамтылады. Әрбір

ғаламдық проблеманы міндетті түрде шешу қажет, өйтпесе оның дамуы апатқа - өркениеттің жойылуына дейін апарып соғады. Ғаламдық проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ оларға келісушілік және үйлестірушілік жетіспейді. Ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемаларды шешу шығындары құрайды. Өйткені басқа проблемалардың ішінде ғаламдық экологиялық проблемаларды ең артықтау проблема деп санайды.

Демографиялық мәселе. Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшу-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді. Кең мағынасында алғанда, халықтың ұдайы өзгерісі дегеніміз оның санының, құрамы мен орналасуының табиғи жағдайларға және миграцияның ықпалына қарай өзгеріп отыруы. Отбасының құрылуы, оның дамуы мен күйреуі демографияда дербес мәнге ие.

Ғаламдық мәселелерді шешудің басты шарты – әлемдік қауымдастықтың мақсатты түрде келісілген саясат жүргізуі. Оның мынадай стратегиялық аса маңызды екі бағытын атап көрсетуге болады: ғылыми-техникалық саясат және қазіргі халықаралық қатынастарды реформалау. Алғашқысы экологиялық, шикізаттық, энергетикалық және т.б. қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешуге ғылыми-техникалық алғышарттар жасауды, ал, екіншісі әлемдік қауымдастықты әділ демократиялық негізде реформалауды көздейді. (283 сөз). <https://kk.wikipedia.org/>

Тапсырма.

1.«Ғаламдық мәселелерді шешу жолдары» тақырыбында көпшілік алдында сөйлейтін сөз дайындаңыз.

2.Төменде берілген ғаламдық мәселелердің бірін таңдап алып, оны шешу жолдарын ұсыныңыз.

- Карусыздану және жер шарында бейбітшіліктің сақталуы
- Экология
- Демография
- Энергетика және шикізат
- Азық- түлік проблемасы
- Дүниежүзілік мұхит
- Ғарышты бейбіт мақсатта игеру

№5 Мәтін

Ұлттық құндылық – ел бірлігі

Әр халықтың өзіне тән ұлттық құндылықтар болатыны аян. Қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарды жіпке тізер болсақ ең бірінші халық тұрар еді. Халық – елдің басты байлығы, ұрпағы оның сол құндылық жапырақ жаюы. Қазақ халқы ұрпағынан асқан байлық бар деп ойламаған халық – біздің халқымыз.

Бүгінгі таңда шегарасын белгілеп, тәуелсіздігін ашып, тілін, дінін ардақтап, өркениеті мен де мәдениеті мен де әлемге танылған – қазақ халқы. Он жеті миллионнан тұратын халқымның басты тілегі – бірлік, ел тыныштығы, ұрпақтың аманшылығы.

Ұлттық байлықтың ең бастысы адамның өмір сүруіне ең қажетті байлық – ана тілі. Тіпті дініміз де салт-дәстүрлеріміз де, тарихи жәдігерлеріміз де мәдениетіміз, тарихымыз да ұлттық өнеріміз де барлық материалдық байлықтарымыз да тіл арқылы сақталып, баяндалып келген.

Ана тілінің құдіреті деген осы! Өзге елдерге жеткізетін де, олардан озып өтемін десек те ғылым – білім арқылы жетеміз. Сол ғылымның өзі Ана тіліміз бен жазылып жастар санасына сінеді. Ұлы педагог Макаренко: «Бес жасар бала – қалыптасып біткен бала», – деген болса, сол жас баланың білім алуы, денсаулығы, салт-дәстүрді білу, дінін, тілін сақтауы, өркениетке қадам басуы, кәсіби маман болуы, өмірден өз орнын табуың – бәріне біздің ұлттық құндылықтарымыздың әсер етуімен қалыптасады.

«Ұлттық құндылықтың ең бастысы – ана тілі, сол арқылы өз тілін сүйеді, төл әдебиеті мұраларын сүйіп оқиды, өз халқының тарихын өткені мен бүгінгісін ойлайды, тарихы жайлы толғанады», – деген еді халқымыздың сүйікті ұлы күрескер-кемеңгеріміз Мұстафа Шоқай.

Тіліміздің мерейін асқақтату – біз жастардың басты міндеті, ұлттық құндылығымызды сақтауды – басты мақсатымыз деп білуіміз керек. Латвияда тіл жөніндегі полицейлер қызмет етеді екен. Олар қоғамдық орындарда, көліктерде көшені аралай жүріп, орысша сөйлегендерге айыппұл салады екен. Бұл да әр ел өзінің ең басты ұлттық құндылығы – ана тілін сақтай білсін деген көзқарастан туындаса керек. (262 сөз).

<http://sabaq.kz/>

Тапсырма:

1. Мәтінді мұқият оқыңыз.
2. Мәтіннен негізгі ойды анықтаңыз.
3. Өз пікіріңізді білдіріңіз, қажетті ақпаратты қолданыңыз
4. Мәтіндегі көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдеңіз.

№6 Мәтін

Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” - деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» - деп ой қорытады. (205 сөз)

<https://e-history.kz/kz/publications/view/3271>

Тапсырма:

1. Мәтін қай стильде жазылған?
2. Мәтіннен тірек сөздерді тап
3. Мәтіндегі 2 терминді атауға түсінік беріңіз.
4. Мәтінге қатысты ой-тұжырымыңызды 3-4 сөйлеммен жазыңыз.

№7 Мәтін

Адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болп табылатын қымбат дүниесі – оның тілі. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт алады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. Тіл – халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы. Тіл – ынтымақтастықтың негізгі көзі, еліміздегі бірлік пен ынтымақтастықтың тірегі. «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз, біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдала отырып дамыту. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамышалуы тиіс. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан тілге ешқашан бей-жай қарамайық. Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Демек, тіл мен мәдениет – ұлтымыздың бет бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы мен парасаты екендігін естен шығармайық, достар. Тіл мәдениетіне тәрбиелеуде қойылатын басты мақсат – ана тілінің мәні, тарихы мен бүгінгі, шешендік өнердің алуан түрлі сипаттары туралы мағлұматтар бере отырып, адамдардың сөз мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру. Біз қазақпыз, өз тіліміз бен мәдениетімізді аялайық, құрметтейік, келешек ұрпаққа. Біз қазақпыз, өз тіліміз бен мәдениетімізді аялайық, құрметтейік, келешек ұрпаққа бағалы етіп жеткізейік. (184 сөз) <https://massaget.kz/blogs/14033>

Тапсырма:

1. Мәтін үзіндісін оқып, сұхбаттың не туралы өрбуі мүмкіндігі туралы болжам жасаңыз
2. Мәтіннен 3 негізгі ақпаратты іріктеп, оған комментарий жазыңыз.
3. Берілген мәтін түрі.

№8 Мәтін

Адами капиталдың көрсеткіші – білімде

Адами капитал деген не? Әдетте, капитал десе, ойымызға қаржы, байлық, ақша, құн, мұнай, газ, алтын мағынасында түсінік келеді. Ал бүгінгі күні адам капиталы дегеніміз – адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. «Адам капиталы» терминінің өзі алғаш рет Нобель сыйлығының иегерлері, америкалық макроэкономистер Теодор Шульц пен Гарри Беккердің XX ғасырдың 80 жылдарындағы еңбектерінде пайда болды. Т.Шульц нашар дамыған елдердің қиын жағдайын зерттей келе, кедей адамдардың әл-ауқатын жақсарту жерге, техника немесе олардың күш-жігер жұмсауына емес, бәрінен де білімге байланысты деген қорытындыға келді. Ол экономиканың мұндай сапалық қырын адам капиталы деп атады. Г.Беккерге келетін болсақ, ол адам капиталының теориялық моделін жасап және осы мәселе бойынша «Адам капиталы» кітабын жарыққа шығарды. Адам капиталының теорияшылары экономикалық өсу үшін оған салым салуға назар аударады. Бұл жерде жұмыспен ұтымды қамту, еңбек нарығының оңтайлы қызмет етуі ерекше маңызға ие. Білім беру мен денсаулық сақтауды, еңбек өнімділігі мен табыс деңгейлерінің байланысын, кәсіпкерлік қызметті уәждеуді экономикалық қамтамасыз етуге дәлелі жетік көзқарас қажет. Адам капиталы – мемлекеттің, сондай-ақ, экономикасы мен оның еңбекке жарамды азаматтарының бәсекеге қабілеттігін арттырудың қажетті ресурсы. Қазақстанда 2050 жылға қарай дүниежүзінің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруге бағытталған курс өзіндік адам капиталын дамытуға орасан мол инвестициялар салуды талап етеді. Өйткені тек біліктілігі жоғары қызметкерлер ғана постиндустриялық қоғам, яғни «Білім мен жалпыға бірдей еңбек қоғамы» жағдайында қызметтің барлық түрлерінде жоғары тиімділікке қол жеткізуге қабілетті. Осыған байланысты білім, енді, экономикалық категорияға айналды. Ақшалы адам емес, білімді адамның мәртебесі жоғары болады. Қазір «Білім экономикасы», «Парасатты экономика», «Ақылды экономика» деген тіркестер пайда болды. Адам капиталы – еңбек ресурсын жақсарту үшін жасалған инвестиция. Қазақстанның ең басты байлығы – адам капиталы.

Бүгінде халқымыздың 100 пайызы білімді деп айта аламыз. Сол себептен де осы 26 жыл ішінде Қазақстан елеулі табыстарға қол жеткізді. Адам капиталы туралы ой қозғағанда әуелі білім ойға оралады. 1991-2015 жылдар аралығында елімізде 1579 орта білім беру мекемесі жаңадан салынды. 2005 жылмен салыстырғанда, мек-тептердегі мультимедиялық кабинеттің саны 789-дан 2861-ға өсті. Сонымен қатар, елімізде 20 Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды. Одан басқа, ұстаздардың сапалық құрамы да өзгерді. Мектептерде IT технологиялар қарқынды дамуда. Егер 2001 жылы 62 оқушыға 1 компьютерден келсе, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 1,8 құрайды. Сондай-ақ, оларды интернет желісіне қосу да оң жолын тапқан. Ал 1991 жылы жоғары білімі бар ұстаздардың саны республика бойынша 66 пайыз болса, қазіргі кезде олардың саны 91 пайызға жетті. Мұның бәрі білім сапасына, оның ішінде адами капиталын дамытуға қосқан үлес деп айтуға болады. (386 сөз) <https://turkystan.kz/article/46465-adami-kapitaldy-k-rsetkishi-bilimde>

Тапсырма:

1. Мәтіндегі мәселеге байланысты 3 сұрақ дайындаңыз.
2. Мәтіндегі тақырыпқа қатысты сөздерді іріктеңіз.
3. Берілген мәтін стилі.

№9 Мәтін

Қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға арнамаған. Сонымен қатар, публицистикалық шығармаларын, яғни "қара сөздерін" жазып қалдырғаны белгілі. Ал енді қара сөздерінің біршамасы не жайлы жазылғандығын және өзім нендей нәрсені түйгенімді жазайын! Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін бірінші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп ойын түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай, ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті, қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніндер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған, алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынап отырып, оқырманға оның дұрыс-бұрыстығын нұсқап көрсетеді.

Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп, әсерлі етуге барын салғандығы маған ерекше ұнады. Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі қайсыбірін оқысаңыз да, санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық. Тіпті, білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын жандар да баршылық.

Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да, алдағы уақытта көбейетініне сенемін. Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?! Ақыл, жүрек, қайрат - үшеуін бірге ұстап, Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек, келешегіміз жарқын болшағымыз баянды болары сөзсіз! (320 сөз)

Тапсырма:

1. Берілген мәтін стилі.

2. Мәтіндегі ең маңызды 3 мәселені анықтаңыз.
3. Мәселенің маңыздылығын ғаламдық мәселемен байланыстырып талдау жасаңыз.

№10 Мәтін

Жуықта Шығыс Қазақстанның Катонқарағай және Күршім аудандарында 50- ден астам сұңқар мен ителгі еркіндікке жіберілді. Кезінде контрабандалық жолмен шетелдерге өтіп кеткен құстар аймаққа Біріккен Араб Әмірлігінен әкелініп отыр.

Дубай қаласындағы экологиялық агенттіктің бұл жобасы әлемде 18 жыл көлемінде жүзеге асырылып келеді. Осыған байланысты құрылған арнайы қор «Қызыл кітапқа» енген және жылдан-жылға азайып бара жатқан сұңқарлардың санын қалпына келтірумен айналысады. Арабтар аңшылыққа пайдаланатын құстарды еркіндікке жіберу жөніндегі жобасын бұған дейін Қырғызстан және Пәкістан елдерінде жүргізген. Соңғы бірнеше жыл ішінде бұл ауқымды экологиялық шараға Қазақстан да қатысып отыр. Басына сәлде киіп, ақ киімге оранған арабтардың Алтай өңіріне келуі – күнде бола бермейтін оқиға. Сондықтан болар, қонақтардың әрбір әрекеті мен жүріс-тұрысын бақылау көпшілік үшін қызықты болды.

Саятшылық пен құсбегілік қазақтың қанына сіңген өнер болса да, арабтардан үйренетін тәжірибе көп. Олар сұңқарды аса қасиетті құс санағандықтан, Араб Әмірлігінде онымен тек ақсүйектер ғана саятшылық құратын көрінеді. Сонымен бірге, арабтың ежелгі дәстүрі бойынша, аңшылыққа 2 жыл пайдаланылған құс міндетті түрде еркіндікке жіберіліп отырған. Өйткені, адамзат баласы жабайы табиғаттағы сұңқар мен ителгі санының азаюына залал келтірмеуі тиіс. Қазір әлемнің бірқатар елдерінде жүзеге асырылып отырған осы экологиялық бағдарламада дәстүрдің негізінде жасалыпты.

Біріккен Араб Әмірлігіне құдай көптеген табиғат ресурстарын берген.

Сондықтан да біз жабайы табиғатқа зиян келтірмеуіміз және құстың санын көбейтуге болашақта да өз үлесімізді қосуымыз қажет. Арабтардың аңға шығудәстүрі бойынша сұңқарлар екі жылдан кейін бостандыққа жіберіліп тұрған. Өйткені соңғы 10 жылда сұңқарды браконьерлік жолмен аулап, шетелге сататындар көбейіп кетті.

Мәселен, бүгін біз бостандыққа ұшырып жатқан құстардың барлығы біздің елдегі контрабандашылардан тәркіленген, – деді бізге берген сұхбатында экологиялық жобаның үйлестірушісі Мұхаммед Салих.

Араб Әмірлігінде сұңқар мен ителгіні әлемдік деңгейде қорғау жөніндегі

бағдарламаға мемлекет жан-жақты қолдау жасап тұрады. Құстарды бостандыққа жіберуге осы экологиялық жобаның жетекшісі, жоғары мәртебелі шейх Мухаммед Ахмет Аль Баварди Шығыс Қазақстанға арнайы келіпті. Ол Күршім және Катонқарағай өңірінің таулы, өзенді жерлеріне ұшырылған сұңқарды жеке бақылап, әрқайсысын суретке түсіріп отырды. Акцияны ұйымдастырушылар, ең бастысы, еркіндікке жіберілген құстар қайтадан браконьерлердің қолына түспесе дейді. Өйткені, өткен жылы ғана Шығыс Қазақстанның дәл осы аймақтарында 17 сұңқарды ұстап, шетелге өткізбек болған Египет пен Сирия мемлекетінің азаматтары ұсталған болатын.

Біз бұл жобаны Қазақстанда жүзеге асырудың тиімді екендігіне көз жеткіздік.

Бұл өңірдің табиғаты сұңқар және ителгі сияқты құстарға өте қолайлы. Олардың жабайы ортаға бейімделіп, өз қорегін табуына барлық жағдай бар. Ең бастысы, құстар табиғат жауларының қолына түспесе болғаны, – дейді экологиялық жобаның жетекшісі, жоғары мәртебелі шейх Мухаммед Ахмет Аль Баварди.

Жалпы Араб елдері бұл жобаны халықаралық деңгейде жүзеге асыруға қыруар қаржы жұмсап келеді. Мәселен, мына сұңқарлар осыған дейін Дубайдағы арнайы құстардың емханасында сауығып шыққан. Арабтар оның әрқайсысына құны 2 мың доллар тұратын электрондық қондырғылар тақты. Салмағы бар-жоғы 9 грамдық күннен қуат алатын спутниктік жабдық арқылы сұңқарларды болашақта да бақылауға болады. Дәстүр бойынша әрбір сұңқардан кейін оның соңынан көгершін ұшырылды. Бұл әдіс жыртқыш құстың аңшылық машығын есіне түсіруі үшін қажет.

Тапсырма:

1. Мәтінде кейіпкер көзқарасы қай абзацта бейнеленген?
2. Мәтіннің бірінші абзацы қандай мақсатта берілген?
3. Соңғы абзацтың төртінші азатжолға қатысы қандай?
4. Мәтіннің реттілігін көрсетіңіз?

№11 Мәтін

Аптап ыстықта саялайтын жер іздеп саябақтағы отырғыштардың біріне бұрылдым. Орындыққа отырмақ болып беттегенімде, көзім сұмдық жағдайдың куәгері болды. 3-4 жасар ұл бала қоқыс тастағыш жәшікті тіміскілеп жүр. «Бұл кім? Не қылған бала?» деген сауалдарға жауап іздеу мақсатында баланы бақылап біраз отырдым. Қарасам, бұл бала жалғыз емес екен. Әр-әр жерде орналасқан қоқыс жәшігін ақтарып, азық іздеп жүрген тағы да екі ұл бала мен кішкентай қызғакөзім түсті. Киген киімнің олпы-солпысы шыққан, кір қожалақ. Көкейде маза бермей тұрған сансыз сұрақ мені бір орында отырғызбады. Қолыма бір-екі нәрсе алған соң, аяндап біреуінің қасына бардым. Жемге келген көгершіндей қалған үшеуі де қасыма жетіп келді. Қастарында тұрып асқазандарының шұрылын естуге болады. Қолымдағыны ұсынған соң, бұл балалардың ата-анасының қайда жүргенін білгім келді. Сұрасам, «Білмеймін...» деп күмілжіп мұңды дауыспен жауап қатты. Осыдан соң жағдайдың бәрін түсіндім. Басымды еріксіз изедім де орындыққа қайта отырып, ары қарай бақыладым. Төртеуі азды-көпті алған азықтарын көк шөптің үстіне отыра сап, жапа-тармағай жеуге кірісті. Кішкентай қыз тоғын арықтағы сумен басты. Іштеріне сәл де болса бірдене барған соң, қайтадан «жұмыстарына» кірісті.

Мұндай оқиғаны алғаш көруім. Бұдан кейін не ойларынды да білмейді екенсің.

